



"Қазақстан Республикасы әскерінің санитарлық қызметінің эмблемасы және айырымдық белгісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 маусым N 863

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы әскерінің санитарлық қызметінің эмблемасы және айырымдық белгісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
Қазақстан Республикасы әскерінің санитарлық қызметінің
эмблемасы және айырымдық белгісі туралы

1-бап. Қазақстан Республикасы ақ түс аясында салынған қызыл айшық

геральдикалық белгісін әскердің санитарлық қызметінің эмблемасы және айырымдық белгісі ретінде қолдансын.

2-бап. Қазақстан Республикасы "Соғыс құрбандарын қорғау туралы 1949 жылғы Женева Конвенцияларына және Соғыс құрбандарын қорғау туралы Женева Конвенцияларына қатысты 1977 жылғы I және II Қосымша Хаттамаларға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2060-XII қаулысында көрсетілген ескертпелерді алып тастасын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК